

**«Көкібел» жалпы білім беретін мектебі
коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

Хаттама №1

Көкібел ауылы

31.08.2024ж.

I отырыс. Әдістемелік кеңес өткізілді.

Қатысқан:

Қатыспаған:

Күн тәртібінде:

1. Өткен оқу жылындағы әдістемелік жұмыстарға талдау жасау. Мектептің Әдістемелік жұмысының жоспарын, шығармашылық топтардың, бірлестіктердің жылдық жоспарларын бекіту, бірлестік айлықтарын, пәндер онкүндіктерін белгілеу. Хабарламашылар: Е. Алтаев, пән бірлестік жетекшілері.
2. Әдістемелік нұсқау хатпен танысу, талдау. Хабарламашы: Е. Алтаев
3. Күнтізбелік, қолданбалы таңдау курстарының жопарларын талқылау. Хабарламашы: Ғ.Әбдірахман
4. Мұғалімдердің сапалық құрамы, рейтингісі, аттестациядан, курстан өту кестесі, мәліметтер базасын жасақтау. Хабарламашы: Ғ.Әбдірахман

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Е. Алтаев хабарлама жасады.

- Өткен 2023-2024 оқу жылындағы әдістемелік жұмыстардың кемшіліктері, жетістіктері туралы айтты.
- Жаңа 2024-2025 оқу жылындағы әдістемелік кеңеспен пән бірлестіктерінің міндеттері бекітілуі, атқарылатын іс- шаралар, жұмыстар туралы хабарлама жасады.
- Пән бірлестік жетекшілерінің ой-пікірлері айтылды, тыңдалды. Техникалық бағыт бойынша бірлестік жетекшісі Н.Ибраева, Гуманитарлық бірлестік жетекшісі Б.Кенжегулова, Бастауыш сыныптар бойынша бірлестік жетекшісі С.Налибаев, сынып жетекшілер бірлестігінің жетекшісі З.Төлепбергенова өз ойларын ұсыныстарын айтып өтті.

2-мәселе бойынша мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Е.Алтаев хабарлама жасады.

- Әдістемелік кеңес пен пән бірлестіктердің, қолданбалы, таңдау курстарының бағдарламаларының жоспарын талқылады.
- Ұсыныстар айтып, бекіту барысында атқарылатын жұмыстар жоспарын ортаға салды.
- Пән бірлестіктері пікірлерін білдірді.

3-мәселе бойынша Ғ.Әбдірахман хабарлама жасады.

--Әдістемелік кеңесте мұғалімдердің аттестациядан және курстан өту кестесін айқындап берді. Күнтізбелік қолданбалы курстар бойынша жоспарларын бекітті. Олар қолданбалы курстан сабақ беретін пән мұғалімі С.Қонысбаев 5-6-7-8 сабақ беретін жаһандық құзыреттілік бойынша, 10-11 сыныптардағы қолданбалы курсқа сабақ беретін мұғалімдердің сабақ жоспарларын аудандық әдістемелік кеңестің меңгерушісіне бекіттірілді.

4-мәселе бойынша Ғ.Әбдірахман хабарлама жасады.

Мына төмендегі мұғалімдер өз ой- пікірлерін айтып, жарыс сөзге шықты.

1. Қ. Ахаев
2. С. Абдуллаева
3. Е. Ақбердиев
4. Н. Ибраева

5. А. Жарқынбекова
6. Қ. Егембердиев
7. М. Лесбай
8. Налибаев С.

Мұғалімдердің сапалық құрамы пысықталды, мұғалім рейтингісі және аттестациядан өтетін мұғалімдердің құжаттарын дайындау мәселесі бойынша тоқталып өтті.

Жоғарыдағы мәселелерге тоқтала келе әдістемелік кеңес отырысы шешім шығарылсын.

Шешім:

1.1. Жаңа 2024-2025 оқу жылының әдістемелік кеңеспен пән бірлестіктерінің жоспары мен міндеттері бекітілсін.

1.2. Мына төмендегі шығармашылық топтар құрылсын:

1. Бастауыш сынып.

2. Ізгілікті пәндер.

3. Техникалық пәндер.

1.3. Бірлестік тер бойынша айлық, апталық жоспарлары, пәндер бойынша онкүндіктер кестесі түзілсін, бекітілсін.

2. Күнтізбелік, қолданбалы таңдау курстарының жоспарларын бекітілсін. Кесте бойынша аттестациядан және курстан өтетін мұғалімдердің кестесі бекітілсін.

3. Мұғалімдердің сапалық құрамы, рейтингісі, аттестациядан, курстан өту кестесі, мәліметтер базасын жасақталсын және әзірленсін.

Әдістемелік кеңес жетекшісі:

Е. Алтаев

Хатшысы:

С. Көпжасаров